

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІ ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒДАРЫ БОЙЫНША ТАСЫМАЛДАУЛАРДА МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ ЭКСПОРТ, ЕГЕР МҰНАЙДЫ ҚОСА АЛСАҚ, ЖАЛПЫ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІНІҢ 80% АСТАМЫН ҚҰРАЙДЫ. ҚАЗАҚСТАН АЗИЯ МЕН ЕУРОПА АРАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ТРАНЗИТТІК ХАБ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. 2024 ЖЫЛЫ ҚЫТАЙДАН ШЫҒЫП, ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ТРАНЗИТПЕН ӨТЕТІН КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗДАР САНЫ 35 ЕСЕ АРТТЫ.

Гайдар ӘБДІКӘРІМОВ,
«ТХКБ» халықаралық қауымдастығының бас хатшысы



№11 (3050)
14/02/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ҚАҢТАРДАҒЫ КӨТЕРІҢКІ КӨРСЕТКІШ

Жүк тиелімінде айтарлықтай өсім бар. Биылғы қаңтар айында ҚТЖ желісінде жүк тиеу көлемі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,3%-ға ұлғайып, 21,7 млн тоннаны құрады.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Ал экспорттық жүк тасымалы 8 млн тоннаны құрап, өткен жылдың қаңтарымен салыстырғанда 13,4%-ға артық шықты. Ішкі тасымалдар да 4%-ға өсіп, 13,7 млн тоннаны құрап отыр. Әлеуметтік жүк санатындағы көмір тасымалы да 5,2%-ға өсіп, 9,5 млн тоннаға жетіп жығылды.

Соның ішінде ел ішіндегі қатты отын тасымалы 2,4% артып, 6,7 млн тоннаға дейін жетсе, экспорт 12,7%-ке немесе 2,7 млн тоннаға өскен. Астық тасымалы 35% өсімді көрсетіп, 1 млн тоннадан асты. Соның ішінде экспорт 35%-ға, ішкі тасымалдар 33%-ға өсті. Тартылған өнімдер тасымалы 13,8% немесе 231 мың тоннаға дейін өсті.

Қаңтар айында тасымал көрсеткіші өскен жүктер қатарында мұнай жүктері 4% немесе 1,7

млн тоннаға дейін, кара металл 10,6% немесе 364 мың тоннаға, химиялық тыңайтқыштар 18% немесе 445 мың тоннаға, темір кені мен марганец 7,8%-ға, 1,6 млн тоннаға дейін өскені байқалады. Сондай-ақ құрылыс жүктерін тасымалдау 9,3%-ға өсіп, 777 мың тоннаны құраған. Қысқасы, қаңтардың қарымы жақсы деп бағалауға толық негіз бар.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КРЕПНУТ СВЯЗИ С КИТАЕМ

Расширение сотрудничества Казахстана и Китая в сфере транспорта и логистики обсудили на совместном бизнес-форуме в Алматы.

В мероприятии приняли участие около 80 представителей бизнеса Казахстана и Китая. Главной темой повестки стала реализация совместных проектов, в том числе с привлечением Национальной палаты предпринимателей Казахстана «Атамекен» и Китайского совета по содействию международной торговле (ССПТ).

Председатель президиума Национальной палаты предпринимателей Райымбек Баталов подчеркнул, что Китай стал главным торговым партнером Казахстана и пятой по величине страной – источником инвестиций.

В 2024 году товарооборот между двумя странами составил 30,1 миллиарда долларов. Казахстан экспортирует в Китай медные руды, нефть, уран, импортирует автомобили, строительную технику и медицинское оборудование.

– Казахстан занимает важное место в глобальных экономических процессах и является надежным партнером, а также ключевым участником инициативы «Пояс и путь». Мы стремимся создать максимально благоприятные условия для иностранных инвесторов, обеспечивая открытость, стабильность и поддержку со стороны государства, – сказал он.

Чрезвычайный и полномочный посол Китая в Казахстане Хань Чуньинь подчеркнул, что дипломатические отношения двух стран достигли самого высокого уровня взаимодействия и партнерства.

– Казахстан стал местом, где впервые была предложена инициатива «Пояс и путь». За эти годы страны смогли создать системную логистическую сеть и наладить контейнерные перевозки между Китаем и Европой через территорию Казахстана, – сказал он.

Китайской делегацией 2025 год был отмечен как «важнейший для казахстанско-китайских отношений в рамках Года Китая в Казахстане».

Председатель Китайского совета по содействию международной торговле Жэнь Хунбинь в свою очередь поделился предложениями для углубления экономического сотрудничества – стимулирование инвестиций и формирование новых возможностей цепи поставок, открытие нового пространства для роста двусторонней торговли и т. д.

В ходе мероприятия состоялась церемония подписания ряда соглашений, включая проекты в транспорте и логистике.

Кроме того, на форуме анонсировано проведение заседания Делового совета «Китай – Центральная Азия» в преддверии Саммита глав государств в июне этого года.

Любовь РОББА



РАСЫЛХАН ТОҚТАҒҰЛ,
главный менеджер филиала Многофункционального центра обслуживания АО «НК «ҚТЖ» – «Технический центр».



АО «НК «ҚТЖ» РАЗРАБОТАНА КОНЦЕПЦИЯ, НАПРАВЛЕННАЯ НА СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ЛУБРИКАЦИИ ЗОНЫ КОНТАКТА «КОЛЕСО-РЕЛЬС» НА ПЕРИОД С 2025 ПО 2030 ГОД. ОНА ПОЗВОЛИТ КОМПАНИИ НЕ ТОЛЬКО УЛУЧШИТЬ ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ, НО И ПОВЫСИТЬ СВОЮ ЭКОНОМИЧЕСКУЮ УСТОЙЧИВОСТЬ НА ФОНЕ РАСТУЩИХ ТРЕБОВАНИЙ К КАЧЕСТВУ ПЕРЕВОЗОК.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ ТАЛҒО ПОЙЫЗДАРЫНА

1350

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ОРНАТТЫ.

АҚТӨБЕ ӨНІРІНДЕ РЕЛЬС ДӘНЕКЕРЛЕУ КӘСІПОРНЫ САЛЫНЫП, ОНДА ЖЫЛЫНА

825 км

ӨНІМ ӨНДІРУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ БЕЛАРУСЬ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДА ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН ӨТКЕН ЖЫЛЫ

7,4 млн тонна

ЖҮК ТАСЫМАЛДАНЫП, ОН ПАЙЫЗ ШАМАСЫНДА ӨСІМ КӨРСЕТКІШІ БАЙҚАЛҒАН.


Транзит

ПЕРВЫЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ МАРШРУТ

АО «KTZ Express» в сотрудничестве с ведущим оператором контейнерных железнодорожных перевозок в Китае – China Railway Container Transport Co., Ltd. организован новый железнодорожный маршрут для грузовых перевозок между Китайской Народной Республикой и Исламской Республикой Афганистан.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Маршрут проходит через КНР, Казахстан, Узбекистан и Афганистан. Грузовые составы будут пересекать китайскую границу через контрольно-пропускной пункт Хоргос, следовать через территорию Республики Казахстан (станция Алтынколь), затем через Республику Узбекистан (станция Галаба) и достигнут конечного пункта назначения – города Хайратон Афганистан) примерно за 12-15 дней.



Запуск маршрута ознаменовано запуском первого поезда, который отправился со станции Туаньцзунь (город Чунцин, КНР). Состав включает 55 контейнеров с телекоммуникационным оборудованием.

Как отмечают эксперты, открытие данного направления укрепит ключевую роль Казахстана как стратегического транзитного хаба на мировой транспортно-логистической арене.

ЭКСПО ОРТАЛЫҒЫНДА ПАЙДА БОЛҒАН ҚАЛА

Астанада осы аптаның айтулы оқиғасы «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өтуде. Бес күнге созылатын фестиваль Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылын ресми түрде ашқан алғашқы іс-шара болды. Ауқымды жиын түрлі сала мамандарының, жұмыс берушілердің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өкілдерін бір алаңға жинады. Кеше ЭКСПО орталығында пайда болған қалашыққа Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев келді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Фестивальге 200-ге жуық ірі, шағын және орта бизнес өкілдері, жоғары оқу орындары мен колледждер және ғылыми зерттеу институттары қатысуда.

Жұмысшы мамандықтары қаласы белгілі бір салаларға арналған 6 көшеден, әр көше үйлерден тұрады. Барлық өңірден келген оқу орындары мен компаниялар өз салаларына қатысты павильондарын қызықты да тартымды етіп жасап, соңғы заманауи технологияларын көрсетті. Солардың бірі – Машина және көлік құрылысы көшесінде Теміржолшылар үйі бар. Мұнда «ҚТЖ-ҰК» АҚ қызметкерлері арнайы стенд пен локомотив пішіндегі заманауи кабина мен тепловоз, жүк және жолаушылар вагондарының макеттерін келушілер назарына ұсынууда.

– Фестиваль аясында ұлттық компания атынан біз «Машинистің болашақтағы кабинасы» капсуласын көрсеттік. Ішіндегі заманауи пультті қазірдің өзінде пайдаланамыз, ал мынау арнайы жасалған капсула –

болашақтағы локомотив сұлбасы. Пойыздағы сыртқы дала көрінісін лед экран арқылы көрсетіп қойдық. Өте тартымды шықты. Осындай іс-шаралар арқылы жастарды жұмысшы мамандықтарына тарту өте дұрыс деп санаймын, – дейді Астана локомотив пайдалану депосының машинисті, іс-шараны ұйымдастыруға атсалудың бірі Жігер Сейітов.

Фестиваль аясында түрлі семинарлар мен шеберлік сабақтары, мұнай және энергетика тақырыптары бойынша хакагон, мамандықтар шеруі, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі, стартаптардың тұсаукесері, машина жасау бойынша шеберлік сынаптары, концерттер, халықаралық аккредиттелген техникалық және кәсіптік оқыту курстарын таныстыру және тағы басқа іс-шаралар өтуде.

– Қазір Мемлекет басшысының қолдауымен жұмысшы мамандықтары ерекше дәріптеліп жатыр. Біздің оқу орны теміржолдағы маңызды мамандықтарды дайындауға өз үлесін қосып отыр. Гранттар саны артуда. Колледжде қазір 1300 студент білім алады, оларды күніне 200 баладан бөліп, фестивальге әкеліп,



танысып, тамашалауларына мүмкіндік жасап отырмыз. Теміржолшылар үйін көріп болашақ мамандықтарымен жете танысуға қызығушылықтары артуда, – дейді М.Тынышбаев атындағы Астана АЛТ көлік колледжінің маркетинг бөлімінің меңгерушісі Айнұр Сәрсембаева.

Көрмеден белек негізгі сахна төрінде түрлі танымдық іс-шаралар да өткізілуде. Мәселен, олардың бірі теміржолдағы түрлі мамандықтарды танытуға арналды. Викториналық ойындар арқылы жастардың теміржол саласы туралы білімі сыналтып, жеңімпаздарға компания атынан сыйлықтар ұсынылды. Түстен кейін осы сахнада «Болашақтың көлігі: 5-10 жылдан кейін қандай мамандықтар сұраныста болады?» деген тақырыпта конференция өтіп, ҚТЖ мамандары спикер ретінде пікір білдірді. «ЕХРО» Халықаралық көрме орталығында 15 ақпанға дейін созылатын фестивальге кіру тегін. Оның есігі осы аралықта күн сайын сағат 10:00-ден 18:30-ға дейін ашық.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

№11 (3050) 14/02/2025

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРУДА

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Семей ЖТ бөлімшесінде теміржол инфрақұрылымын дамыту бойынша жаңа жобалар қолға алынып, сәтпен жүзеге асырылуда. Оның ішінде вокзалдарды қайта жаңғырту мен халықаралық жобаларды ерекше атап өтуге болады.



Қазіргі күні Семей, Жаңасемей, Аягөз, Шар, Жаңғыз-төбе, Үшбiкi, Жарма, Ауыл, Белағаш және Таңсық станцияларында 10 вокзал жұмыс істеп тұр. Осыған дейін көлік қызметтерінің қолжетімділігін арттыру үшін әлеуметтік маңызы бар екі қаламаңы пойызы іске қосылған. Бір вагонды «Семей-Шар» бағыты аптасына алты рет қатынайды. Билет құны – 557 теңге. Ал екі вагонды құрам «Ақтоғай-Аягөз» арасына аптасына бес рет жөнелтіледі. Жол ақысы – 650 теңге. Қаламаңы бағдарларына сұраныс бар. Алдағы уақытта Семей – Дегелең, Семей – Ауыл станциялары бойынша жаңа бағыттар ашу қарастырылуда. Сонымен қатар туристік бағытқа да ерекше назар аударылуда. Жыл сайын жаз маусымында 731 км болатын «Семей-Жалаңашкөл» бағыты бойынша жолаушылар пойызы тұрақты түрде қатынайды. Айта кетерлігі, бұл үш бағыт та субсидияланатын санатқа жатады.

Аймақтағы инфрақұрылымдық жобалар қатарында Семей, Аягөз қалалары мен Ақтоғай кентіндегі теміржол вокзалдарын қайта жаңғыртуға дайындық жүргізілуде. Биыл Семей ЖТ бөлімшесі, «Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ және «ТехСтройПроект» ЖШС арасында жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша арнайы Меморандумға қол қойылды. Жобаны биыл іске асыру жоспарлануда.

Жалпы қайта құрылған облыстың теміржолы ішкі бағыттарды ғана емес, облысаралық және халықаралық бағыттарды да қамтиды. Бүгінде Семей – Қызылорда, Павлодар – Алматы, Семей – Маңғыстау, Өскемен – Астана, Өскемен – Алматы, Семей – Алматы, Семей – Астана және Семей – Қарағанды бағыттары бойынша 8 жұп жолаушылар пойызы тұрақты түрде қатынайды. Мұнымен қоса Семейлік теміржолшылар Новосибирск – Бішкек бағыты бойынша сапар шегетін халықаралық транзиттік пойызға да қызмет көрсетеді.

Суретті түсірген автор

ТАСЫМАЛ – ТАБЫС ТЕТІГІ



ҚОРЫТЫНДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Сыр бойындағы Түркістан-Шиелі-Қызылорда-Қазалы-Сексеуіл станциялары арасында жүк және жолаушы тасымалына қызмет көрсететін локомотив депоһы өткен жылды табыспен қорытындылады. Тасымал жұмыстарының жоспары 98,5-116,1 пайыз аралығында орындалып, белгіленген жедеден асып түсті. Жалпы тасымал жұмысының нәтижесі 19 097,398 млн т.км.бруттоға жетіп, жоспар 106,8 пайызға орындалған. Жалпы локомотив жүрісі 9 503 млн км-ге тең болса, оның желілік жүрісі 9 053,536 млн км болған. Локомотивтердің орташа



өнімділігі 2 675,1 мың т.км.бруттоға жетіп, орташа тәуліктік жүріс 855,8 км-ді құрады. Локомотивтердің тиімді жұмысы тәулігіне 16,22 сағатты қамтыған.

– Мұндай табысқа тетік болып отырған әрине, ең алдымен көлемі өсіп отырған тасымал. Сосын депо машинистері мен

техникалық мамандардың үйлесімді еңбегі, заманауи технологияларды тиімді пайдалана білуінің және кәсіби шеберліктің нәтижесі дер едім. Депода 600-ге жуық машинист пен машинист көмекшілері еңбек етеді. Тасымал үдерісінің қауіпсіздігі мен тиімділігі осы мамандардың кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Сондықтан машинистер мен олардың көмекшілеріне қажетті талпаптар да жоғары. Олар үнемі техникалық оқу-жаттығулардан өтіп, білімі мен біліктілігін арттырумен болады, – дейді депо бастығы Нұртай Байғазы.

Теміржол саласында қауіпсіздік техникасының сақталуы әрқашан да бермей, форс-мажорлық оқиғалар да орын алып тұратыны жасырын емес. Тек желтоқсан айында машинистер 12 рет жедел тежегішті басып, пойызды тоқтатқан. Себебі – жолға бөгде адамның шығуы, малдың жол жағалай жайылуы, жолға бөгде зат қоюлары, т.т. Ал жыл бойы депонның жұмыс аумағында мұндай қауіпті оқиғалар 218 рет қайталанған. Сондықтан төтенше жағдайлардың алдын алу үшін депо бойынша қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, профилаттикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

Суретті түсірген автор

ЖҰМЫСЫ КҮРДЕЛІ, ЖҮКТЕМЕСІ ЖОҒАРЫ...



АЙМАҚ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Таңғы тоғыз болмай жолшылар мекемесіне келген біз дистанция бастығы Е.Кланов пен бас инженер Б.Сабырхан «Бірлік-2» станциясындағы құрылыс басына кетіп қалғанын білдік. Станцияны қалпына келтіру жұмыстары быттыр басталған болатын. Қазір онда жұмыс қызып жатыр. Негізгі күш сонда жұмылдырылған.

Бізді қарсы алып, кеңсеге бастаған кадр бөлімінің бастығы Бақыт Әлімжанқызын мекеменің тарихына қанық болдық. Айтуынша, Шу жол дистанциясы 1929 жылы құрылған көрінеді. Сол жылдың мамыр айында елдің солтүстік бөлігінде 562 км және оңтүстік аймақта 350 км жол салынып, Луговойдан Шоқпар станциясына дейін 180 км жол учаскесінің құрылысы аяқталады. Соған қарап Шу станциясында жаңа жол қозғалысы іске қосылып, жол учаскесіне қызмет көрсететін колонна ашу туралы шешім қабылданады. 1929 жылдың 25 тамызында №11 Шу жол дистанциясы атауы берілген мекеме бастапқыда ұзындығы 122 шақырым жолға қызмет көрсетеді.

Шу, «Бірлік-1», «Бірлік-2», Жиделі, Хантау, Төтті, Аспара станциялары осы ПЧ-50 жол дистанциясына қарайды, 391 бағыттама бұрма бар. Шу – Шығанақ станциялары

аралығындағы – 206,3 км, Шу – Отар станциялары бағытындағы – 26,9 км, Шу – Жамбыл станциялары арасын қамтитын 139,5 км аумақта пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Темір жолды тиісті ағымдағы жөндеуден, шаруашылық жолмен бағыттама бұрмаларды және жолдарды күрделі жөндеуден өткізеді.

– Қазіргі кезде дистанцияда 350 адам жұмыс істейді. 2007 жылы салалық жарыс қорытындылары бойынша дистанция өндірістік-қаржылық қызметтегі жоғары нәтижелері және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін «Үздік мекеме» атағын иеленіп, 1-орынды жеңіп алған. Біздің ұжымда еселі еңбегімен абыройға бөлініп, сала ісін дамытуға үлес қосып жүрген білікті мамандар жеткілікті. Мысалы, учаске бастықтары Анарбек Орынбасаров, Айдар Рахимов, Медет Жүмүрбаев бастаған жолшыларды, жол шеберлерінің тәжірибелерін жастарға үлгі етіп отырамыз, – дейді Бақыт Әлімжанқызы.

Инфрақұрылымды модернизациялаудың басты мақсаты учаскелердің пойыздарды өткізу мүмкіндігін арттыру және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету екені түсінікті. Соңғы бес жыл ішінде Шу жол дистанциясында теміржолды жаңғырту бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізіліпті. Күрделі жөндеу кезінде негізгі жолдардың 17 шақырымы

жаңартылып, рельстер ауыстырылып, жаңа темірбетон шпалдар төселген. Бағыттамалық бұрмалардың 66 жынтығы жаңартылған.

Шу жол дистанциясының бастығы Едігер Клановтың айтуынша, «Бірлік-2» станциясы қалпына келтіру Мойынты – Шу – Алматы тәлімінің өткізу қабілетін, пайдалану жағдайын жақсарту мақсатында қолға алынған. Бұл жоба іске қосылғанда Шу станциясы арқылы қозғалыс жүктемесін азайтуға мүмкіндік туады.

– Станцияны қалпына келтіру жұмыстарының бекітілген жобалау-сметалық құжаттамасына сәйкес жалпы ұзындығы 8311,56 метр тоғыз станциялық жол, бағыттамалық бұрмаларға арналған темірбетон аркалықтардың 32 жынтығын салу көзделген. Қазіргі уақытта 5674,86 метр жол төселді. Бұл жалпы жұмыс көлемінің 68 пайызын құрайды. Бағыттамалық бұрмалардың алтауы орнатылып, жоспар 19 пайызға орындалды. Жол дистанциясы бойынша теміржолды одан әрі дамыту және жаңғырту шеңберінде 2025 жылға 17,375 км негізгі жолдарды күрделі жөндеуден өткізу қарастырылған. Ал бағыттамалық бұрмаларға темірбетон аркалықтардың 20 жынтығын төсеу жоспарланып отыр. Бұл жұмыстардың барлығы көктемгі маусымға дайындық барысы және пойыздарды өткізу қажеттілігін ескере отырып жүргізіледі, – дейді Едігер Шешенбайұлы.

БАЛДЫҚ ЖҮЙЕМЕН БАҒАЛАНАДЫ



КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жуырда Шымкент магистральдық желі бөлімшесінде ПЧ, ШЧ және ЭЧ мекемелерінде 2024 жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланды. Сонымен қатар басқосуда соңғы екі жылдан бері өңірдегі жол дистанцияларында сынақтан сәтті өткен жаңашыл сипаттағы әдісті ШЧ мен ЭЧ шаруашылықтарында да жаппай қолданысқа енгізу жайы айтылды. Яғни биылдан бастап СОБ құрылғылары мен жол учаскелерінің сапасын, түйіспелі желілердің жай-күйін бағалайтын тың жоба НЖС-ке қарасты барлық мекемелерде қолданылады деп жоспарланды.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Бөлімше бастығының орынбасары Жомарт Мырзабеков жетекшілік еткен алқалы жиынға Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты жол дистанциялары мен белгі беру және байланыс дистанциясы және электрмен жабдықтау дистанцияларына қарасты мекемелердің жол тәлімі бастықтары, олардың орынбасарлары мен контактілі желілер ауданының өкілдері, т.т. мамандар қатысты.

Бекітілген күн тәртібіне орай, алдымен қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты 2024 жылда орта буын басшылардың атқарған жұмыстарына талдау жасалды. Содан соң бөлімшедегі жол бөлімінің жетекші инженері Нұржан Жарылқапов баяндама жасап, биылдан бастап белгі беру және байланыс дистанциясы мен электрмен жабдықтау дистанцияларында орындалған жұмыстарда сынақ ретінде жүргізіліп тұрған тоқсандық бағалау жүйесінің тетіктерін таратып айтты. Сонымен қатар өткен жылы ПЧ-53

пен ПЧ-54 жол дистанцияларында МДК – мобильді диагностикалық кешеннің жасаған жұмыстарын жіктеп берді.

Сондай-ақ жиын барысында СОБ, байланыс және электрмен жабдықтау секторының басшысы Назарбай Ыбышев – ШЧ мекемелеріндегі, ал осы сектордың жетекші инженері Қайрат Жайлаубаев – ЭЧ кәсіпорындарындағы қызметтерді бағалау критерийлерін баяндады.

Сала мамандарының айтуынша, қызметті осылайша бағалаудың жаңаша үлгісі еліміздегі теміржол саласында жаңа жоба ретінде алғаш рет қолға алынып отыр. Ал бастамашы топ жетекшісі Жомарт Мырзабековтың түсіндіруінше, бұл бағыттағы жұмыс жаңаша сипат делінгенімен, бөлімшеге қарасты жол дистанциялары арасында соңғы екі жылдан бері сынақтан өткізілген. Нәтижесі көңіл көншітерліктей болғандықтан, биылдан бастап ШЧ мен ЭЧ мекемелерінің қызметін осы жобасында бағалау көзделіп отыр.

– Бағалау критерийлері арқылы біз қандай нәтижеге қол жеткі-



земіз? Ең маңызды мәселе осы. Бұл жерде әрбір мекеме мен оның жетекшісінен бастап қатардағы қызметшіге дейінгі теміржолшылардың еңбегі назарға алынып, оның әрбіріне шкала бойынша балл қосылады, ал тиісті деңгейде орындалмаса, жынтық балл төмендетіледі. Соңында тоқсан сайынғы көрсеткіштер қорытындыланып, әрбір мекеменің қызметі тиісті бағыттар бойынша жеке-дара бағаланып, жеңімпаздар анықталады, – дейді Ж.Мырзабеков.

Ал жоба критерийлерін нүкте, үгіріне дейін мұқият жазып шыққан жетекші инженер Нұржан Жарылқапов бағалау тетіктері уақыт өткен сайын жетілдіріліп, кем-кегілі толықтырылып жатқанын айтады. Оған мекеме, кәсіпорын жетекшілерінен бастап, шалғай учаскелердегі жол шеберлері мен монтерлерге дейін белсенді атсалысқан. Нәтижесінде ортақ жай-күйін бір жапырақ қағаз бетіндегі балдық көрсеткіштерге қарап-ақ оңай бағамдауға болады. Бағалау критерийлерінің не-

гізінде кестеде белгіленген 7 бағыт бойынша сандар диаграмма арқылы пайыздық көрсеткіштер мен берледі. Яғни тәлімнің балдық көрсеткіші мен қанағаттанарлықсыз шақырымдар, жолдың жабылуы мен 2, 3, 4-дәрежелі ауытқулар түгел назарға алынып, есеп-қисаптың бәрі де кесте бойынша жүргізіледі. Сонда тұтас мекеменің тоқсан бойы жасаған жұмысының қорытындысы осы алақандай ғана кестеде анық көрініп тұрады.

Жиында бастамашы топ өкілдеріне жобаға қатысушы мамандар тарапынан түрлі сұрақ-сауалдар қойылды. Оның ешбірі жауапсыз қалмады. Әңгіме барысында әрбір учаскедегі проблемалар ашық айтылып, қызу талқыланды. Сонымен қоса жол тәлімінің ұзақтығы немесе оның дөңес-түзулігі де қаперге алыну қажеттігі айтылды. Ашық пікір алмасқан мамандардың басқосуды техникалық сабаққа айналғандай болды. Жомарт Мырзабековтың жиынға қатысушылардан жұмысты балдық жүйеммен бақылау жүйесін жетілдіруге қатысты нақты ұсыныстар

күтетінін жеткізді.

– Қатып қалған қағида жоқ, әріптестер. Бағалау жүйесінде кемшіліктер болса, айтыңыздар, бірге түзетейік те жобаны жетілдіре түсейік, – деді ол.

Осыған орай Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясы басшысының орынбасары Асан Ағыбаев аға механик пен механик лауазымын және олардың қызметі жөніндегі талдай келі, бағалау тетігіндегі балдық көрсеткішті теңестіру әдісін қолданысқа енгізуді сұрады. Сол сияқты ПЧ-53 жол тәлімінің бастығы Бауыржан Мәденов те өз ұжымға күтіп-бағталуын жолдың арақашықтығы қысқа болғанымен, дөңесті әрі бұрылысы көп күрделі учаске екендігін ескертіп, дәрежесі түзу учаскелермен тең бағалануы тиіс деп ұсыныс білдірді.

Осылайша жиынға қатысушылар тарапынан айтылған барлық сын-ескертпелер түгел назарға алынатын болды. Сонымен қатар қызметті бағалау жүйесі арқылы рейтингті шығаруда адами фактордың араласуына мейлінше төмендету мақсатында вагон-зертхананың көрсеткішін басымдық беру қажеттігі нақтыланды.

Жалпы, тарысты дискуссияға ұласқан жиын соңында өткен жылдың қорытынды көрсеткіштері бойынша үздік деп танылған ұжым қызметкерлері балдық критерийлер бойынша анықталып, дипломмен марапатталды. Кәсіподақтың қаржыландыруымен олардың әрбіріне қызметте қажеттілік туындайтын дөңкерлеу құрылғысы мен шөп отайтын құрал сыйға тартылды.

Суретті түсірген автор

ПРЕОДОЛЕЛИ БАРЬЕР В 700 ТЫСЯЧ ДФЭ



ИТОГИ

Любовь РОВБА,
Астана

При этом почти в два раза увеличился объем перевозок из Китая в Европу и достиг 412 тысяч ДФЭ. Этот показатель близок к рекордному: максимальный объем в этом направлении был достигнут в 2021 году и составлял 420 тысяч ДФЭ. Что касается перевозок из Европы в Китай, они в 2024 году несколько снизились: на 100 контейнеров из Китая в Европу в среднем пришлось 15 контейнеров обратном направлении.

Такие данные привел генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром в интервью для «РЖД ТВ».

– Год был достаточно сложным, но во многом стал для нас рекордным. Мы перевалили через важный барьер в 700 тысяч ДФЭ. Три года с опережением работали на пике нашей пропускной способности, с учетом всех заявок и согласованных планов. По итогам 2024 года с помощью сервисов ОТЛК ЕРА перевезено 746 тысяч ДФЭ, – сообщил он. – Это хороший результат. Итоговый объем на 80% выше, чем ранее запланирован, и на 11% превышает показатель 2023 года. Для железной дороги такой рост достаточно стрессовый, но наши акционеры успешно

На 80% к плану выросли перевозки из Китая в Европу и обратно через сервисы совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» в 2024 году.



справились, в том числе и с выполнением финансовых показателей деятельности.

Алексей Гром отметил, что выручка выросла на 15-20%, однако из-за курсовой разницы

– Во втором полугодии 2025 года ждем открытия участка Достык – Мойынты. Двухпутка по сравнению с однопутным участком на таком важном направлении может привести к

транзит, а, может быть, и импорт. Мы рассчитываем, что у нас будет возможность использовать новые пропускные способности Казахстана и ставим на 2025 год амбициозные цели – перевезти более 750 тысяч ДФЭ, – отметил Алексей Гром.

Он добавил, что на своей доле рынка транзитных перевозок компания близка к наличию пропускных способностям. Сегодня ОТЛК ЕРА является бенчмарком среди всех сухопутных железнодорожных коридоров на колее 1520. По итогам 2024 года ее доля составляет порядка 90%. На втором месте – ТМТМ с 8,5%.

– Хорошо, что у нас объем из Европы в Китай продолжает оставаться на сравнительно достойном уровне, есть геополитические сложности, но переговорный процесс не прекращается, компании хотят вернуться и на частных встречах говорят, что наш коридор лучший, – подчеркивает Алексей Гром. – То, что происходит рост объемов по ТМТМ, это нормально. Конкурировать надо по скорости. Если у нас будут хорошие показатели по скорости на более 1520, лояльность к нашей инфраструктуре вырастет. Наш сервис конкурентоспособен и по цене, и по качеству.

В завершение Алексей Гром добавил, что миллион ДФЭ остается стратегической задачей ОТЛК ЕРА. При улучшении показателей скорости она может быть решена в течение 3-5 лет.

– Мы планируем взять на себя 10% от 25 миллионов контейнеров, которые идут между Юго-Восточной Азией и Европой, – заключил он.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ПО ИТОГАМ 2024 ГОДА С ПОМОЩЬЮ СЕРВИСОВ ОТЛК ЕРА ПЕРЕВЕЗЕНО 746 ТЫСЯЧ ДФЭ. ЭТОТ ОБЪЕМ НА 80% ВЫШЕ, ЧЕМ РАНЕЕ ЗАПЛАНИРОВАН, И НА 11% ПРЕВЫШАЕТ ПОКАЗАТЕЛЬ 2023 ГОДА.

осталась на уровне 2023 года.

Скорость составила в среднем 750 километров в сутки при запланированной в 1 000 километров. Однако стоит отметить, что сейчас ведутся строительные работы на участке Достык – Мойынты, что влияет на показатели скорости.

кратному увеличению объемов перевозок. Если до этого было порядка 10 поездов в сутки, то может стать 25 поездов в сутки. Эксперты отмечают, что рост в первую очередь коснется контейнерных перевозок. Для Казахстана это будет практически на 100%

ТРАГЕДИЙ БОЛЬШЕ НЕ БУДЕТ



СОЦИУМ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Высота путепровода составляет 7 метров, длина – 66 метров, вес – около 140 тонн, стоимость проекта – 684 миллиона тенге. По словам акима города Караганды Мемира Кожухова, пешеходный мост стал важным объектом для жителей, проживающих на станции, а также для лиц с ограниченными физическими возможностями – теперь они смогут преодолеть опасный участок при помощи современного комфортного лифта.

Стоит отметить, что территория

На станции Караганозек (Большая Михайловка) Карагандинской области закончилось строительство нового пешеходного путепровода. Этому событию местные жители ждали много лет.

возле моста тоже благоустроена: здесь проведено освещение, сделан тротуар, а по улице Перонная заасфальтирована дорога. Строительством занималась подрядная организация «Темир-Арка». На территории моста будет установлено видеонаблюдение, чтобы следить за порядком и не допускать вандализма объекта.

Строительство путепровода – вынужденная мера, так как на этом участке в последнее время зафиксировано большое количество трагических и несчастных случаев. Так, четыре года назад двоих подростков ударило током, когда они пытались пролезть под



вагонами поезда. Один из них получил удар током в 27 тысяч вольт и долгое время находился в реанимации. Еще один случай произошел с двумя школьницами, которые оказались под колесами состава. За считанные секунды дети погибли. В группу риска входили и пожилые люди, которые сокращали путь, чтобы попасть в больницу, аптеку, магазин.

На сегодняшний день мост уже функционирует, и им воспользовались более тысячи жителей

станции Караганозек. Они выражают уверенность в том, что количество несчастных случаев будет сведено к нулю.

Главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмураев сообщил, что сегодня в регионе немало опасных железнодорожных переездов. Поэтому приоритетной задачей является обеспечение безопасности пешеходов на путях.

Фото автора

ПОЖАРНЫЙ ПОЕЗД ПОШЕЛ В АТАКУ



УЧЕНИЯ

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

Администрация объекта обнаружила пожар и передала информацию в службу «112». Также она эвакуировала сотрудников с территории нефтебазы. Прибывшие к месту сотрудники ДЧС ВКО, проведя разведку, установили, что происходит горение резервуара. В первую очередь подали воду на его охлаждение и соседние резервуары. На месте пожара был создан штаб пожаротушения и принято решение организовать пенистую атаку для тушения горящего резервуара. Для этого был задействован пожарный поезд на станции Оскемен-1. Также, согласно легенде,

Пожарный поезд на станции Оскемен-1 участвовал в пожарно-тактических учениях, проведенных в Усть-Каменогорске. По легенде учений, взрыв в резервуаре нефтебазы привел к срыву крыши и возгоранию бензина.



при пожаре слесарь-ремонтник нефтебазы получил ожоги, и ему понадобилась экстренная помощь врачей Центра медицины катастроф МЧС РК. При помощи пенной атаки пожарного поезда

и прибывших дополнительных сил и средств частей ДЧС ВКО удалось ликвидировать открытое горение в резервуаре и локализовать зону пожара. После проведения контрольного охла-

ждения резервуаров объявлено о ликвидации пожара.

Как отметил начальник пожарного поезда на станции Оскемен-1 Муханбет Омирбеков, они постоянно участвуют в пожарно-тактических учениях совместно с ДЧС и иногда тушат настоящие пожары.

– Учения на данном объекте проводились не случайно, так как большой объем хранения нефтепродуктов создает сложность при тушении пожаров, угрозу распространения огня на очень большие площади, – объяснил заместитель начальника ДЧС ВКО Фархат Амре.

Основная цель учений, по словам организаторов, достигнута. Это совершенствование навыков личного состава, руководство действиями пожарных подразделений и знание обязанностей персонала в случае возникновения пожара. Всего в учениях было задействовано 11 единиц техники и 45 человек личного состава.

Фото Муханбета ОМИРБЕКОВА

КОНТЕЙНЕРНЫЙ ПРОГРЕСС

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

В Костанайском отделении ГП продолжают наращивать объемы контейнерных перевозок.

Как сообщил начальник отдела логистики Костанайского отделения грузовых перевозок Кенес Дюсеев, за январь 2025 года в регионе всего погружено 1 275 фитинговых платформ грузов (73 тысячи тонн) в 24 077 контейнерах, из них сформировано 37 организованных маршрутов.

К уровню прошлого года погрузка в контейнерах увеличена на 423 контейнера (84%). Так, за январь 2024 года всего погружено грузов в контейнерах 707 фитинговых платформ (39,4 тысячи тонн) – 1 309 контейнеров.

Между тем в 2025 году погружено по номенклатуре грузов: зерновых культур – 147 фитинговых платформ (7,6 тысячи тонн) в 252 контейнерах, из них сформировано четыре организованных маршрута; продуктов перемолы – 796 фитинговых платформ (47,4 тысячи тонн) в 1 535 контейнерах, из них сформировано 25 организованных маршрутов; асбеста – по станции Житикара грузоотправителем АО «Костанайские Минералы» погружено 187 фитинговых платформ (10,3 тысячи тонн) в 374 контейнерах, из них сформировано четыре организованных маршрута; комбикорма – 145 фитинговых платформ (7,6 тысячи тонн) в 246 контейнерах, из них сформировано четыре организованных маршрута.

БОЛЬШАЯ ВОДА

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ПАВОДОК

Павлодарские железнодорожники готовятся к паводковому сезону. На следующей неделе запланировано комиссионное обследование плотины на переезде Шидерты – Бозшаколь и близ станции Уленты.

По информации технического отдела магистральной сети, на сегодня составлены и утверждены организационно-технические мероприятия по подготовке пути и искусственных сооружений к пропуску ледохода и паводковых вод.

По отделению сформированы три противоразмывочных поезда, в составе которых три крытых вагона для погрузки инструмента и спецодежды, 16 платформ. Это ПЧ-18 Ерейментау – один крытый вагон (семь платформ), ПЧ-30 Екибастуз – один крытый вагон (пять платформ), ПЧ-32 Павлодар – один крытый вагон (четыре платформы). На станции Павлодар – один крытый вагон для погрузки инструмента и спецодежды.

Есть две плотины, находящиеся выше железнодорожного полотна: на перегоне Шидерты – Бозшаколь 257-й километр расположена на расстоянии 2,5 километра от железнодорожного пути, и на 192-м километре близ станции Уленты КП «Бозтал» находится на расстоянии трех километров от железной дороги. В первый день весны железнодорожники планируют начать работы по очистке искусственных сооружений от льда и мусора. Это 162 моста, 327 труб, нагорные и водоотводные каналы, кюветы.

По отделению требуется установка телефонов и освещения: ПЧ-18 Ерейментау, ПЧ-30 Екибастуз, ПЧ-32 Павлодар.

В общей сложности на железной дороге Павлодарского Прииртышья есть 41 особо опасное место по пропуску ледохода и паводковых вод, в том числе по ПЧ-18 Ерейментау – 15, ПЧ-30 Екибастуз – 8, ПЧ-32 Павлодар – 18.

БЕЗУСЛОВНЫЙ ПРИОРИТЕТ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы



БЕЗОПАСНОСТЬ

В январе текущего года в Книгу замечаний от локомотивных бригад Алматинского эксплуатационного локомотивного депо поступило 266 рапортов, против 422, что значительно меньше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

Снижение количества замечаний подтверждает эффективность принятых мер и конструктивное направление смежных служб, участвующих в перевозочном процессе.

По данным расшивки скоростемерных лент, за январь текущего года допущено пять случаев нарушений, против восьми случаев аналогичного периода прошлого года. За месяц локомотивными бригадами ТЧЭ-28 применено 42 экстренных торможения, против 55 случаев аналогичного периода 2024 года, при этом в пяти случаях был совершен наезд на скот.

Касательно работы АЛСН на локомотивах, то с начала года допущено 59 случаев сбоя, против 61 в 2024 году.

Начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Айдын Сатыбалдин подчеркнул, что вопросы безопасности остаются безусловным приоритетом в работе предприятия. Он отметил, что снижение количества замечаний машинистов – результат комплексных мер, направленных на улучшение состояния локомотивов, усиление контроля за эксплуатацией и повышение ответственности персонала. В депо регулярно проводятся технические осмотры, обучение работников, где каждый сотрудник понимает важность своей роли в этом процессе.

Фото автора

